

Метаннан күйені өндіру. Процестің жүру механизмі.

Күйені метанды пиролиздеу арқылы өндірудің өнеркәсіптік технологиялары

Күйе – көмірсутектердің және кез келген органикалық заттың термиялық ыдырауының немесе толық емес жануының қатты, ұсақ дисперсті көміртектік өнімі. Күйе бастапқы шикізатқа және күйе алудың тәсіліне қарай қасиеттері бойынша бір-бірінен күшті ерекшеленеді. Күйелер - аморфты көміртек пен графит арасындағы жалған кристалдық құрылымы бар, сфералық типтегі бөлшектер мөлшерімен бір бірінен ерекшеленетін, таза көміртек болып табылады. Дисперсиялану дәрежесі негізінен әртүрлі күйе сорттарының құндылығын анықтайды.